

## Тұрбат ауылы округінің Тұрбат, Таң, Өндіріс, Қызылдихан ауылдарының шекараларына өзгеріс енгізу туралы

Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт аудандық мәслихатының 2008 жылғы 26 қыркүйектегі N 12/84-IV шешімі және Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданы әкімдігінің 2008 жылғы 26 қыркүйектегі N 5 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданының Әділет басқармасында 2008 жылғы 17 қазанда N 14-6-60 тіркелді

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 108 бабының 5 тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабының 4 тармағына және 31 бабына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12 бабына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШТІ** және аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ** **ЕТЕДІ:**

1. Тұрбат ауылы округі әкімінің ұсынысын ескере отырып, Тұрбат ауылы округі әкімшілігіне қарасты "Алишер Навои" өндірістік кооперативінің есебіндегі көлемі 26,0 гектар бау ауыл әкімінің есебіндегі жермен тең көлемде ауыстырылып Тұрбат ауылының 400,0 гектар жеріне, қосымша 26,0 гектар жайылым жер қосылып, жалпы аумағы 426,0 гектарға және Тұрбат ауылы әкімінің есебіндегі жерлерден Таң ауылына қосымша 1,0 гектар жайылым жер қосылып, Өндіріс ауылының 144,0 гектар жеріне, қосымша 33,0 гектар жайылым жер қосылып, жалпы аумағы 177,0 гектарға, Қызылдихан ауылының 164,0 гектар жеріне, қосымша 37,0 гектар жайылым жер қосылып, жалпы аумағы 201,0 гектар жерлерге ұлғайтылып ауылдардың шекараларына өзгеріс енгізілсін.

2. Осы аудандық мәслихаттың және аудан әкімдігінің бірлескен шешімі мен қаулысы алғашқы ресми жарияланған күннен он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат сессиясының төрағасы*

*Д.А. Есіркепов*

*Аудан әкімі*

*Н.Н. Әжіметов*

*Аудандық мәслихаттың хатшысы*

*А.Ж. Омаров*